

Мектеп жасына дейінгі балалардың креативтілік, командада жұмыс жасау, сыни ойлау, коммуникативтік тілдік дағдыларын дамыту

Тіл дегеніміз – ұлттың жаны, ұлт пен ұлыстың алтын қазынасы. Кез келген халықтың ұлттық қазынасы тіл болып табылады. Әрбір халықтың тілінде оның ұлттық дәстүрінің, сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқы белгілері көрініс табады.

Ал тілді, тіл мәдениетін игеру баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін үрдіс. Балалардың ақыл-ойына қабілеттерінің дамуына жетудің бірден-бір жолы – өзара тілдік қарым-қатынас.

Тілді дамыту дегеніміз – баланың сөдік қорын дамыту, ойлаған ойын өз еркінше басқа адамға жеткізе алу, оның сөзін түсіне білу, қысқаша айтқанда еркін сөйлей білуге үйрену.

Баланың тілін жетілдіру үшін алдымен баланы дұрыс сөйлеуге, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс айта білуге үйрету, оны әңгімеге тарта отырып, баланың сөздік қорын жаңа сөздермен толықтырып, түсінігін молайту.

Айналадағы дүниені, табиғатты бақылата отырып, баланың тілдің, сөздік қорын байыту, ол сөздерді күнделікті сабақта, сабақтан тыс сөзбе-сөз қарым-қатынас кезінде өздігінен дұрыс айта білуге төселдіру керек.

Балалардың сөйлеу тілін дамытуда мыналарды ескерген жөн:

- * Әр сөзді тұрақты түрде есінде қалдыру;
- * Сөз балаларға таныс заттарға байланысты болу керек;
- * Әрбір сөзді үнемі қайталанып отыруға тиіс;
- * Сөздік қорды молайтып отыру; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру арқылы дұрыс сөйлеуге үйрету.

Баланың сөздік қорын молайту, дұрыс сөйлеуге үйрету жолында іс-тәжірибеге сүйеніп, мынандай тәсілдер қолдануға болады:

- Сөздік жұмыс (әңгімелесу, салыстыру, қайталау, сұрақ-жауап, сурет бойынша әңгімелеу);
- Көрнекі құралдарды қолдану (сурет, ойыншық, муляж, бейнефильм т.б.);
- Ойындар (дидактикалық, сергіту, жарыс, сюжетті-рөлдік, логикалық, ұлттық т.б.)

Бала тәрбиесіне ерекше әсер ететін – бұл ертегілер әлемі.

Ертегілер балаларды білгір, батыл, ойшыл, еңбекқор, өнерпаз болуына ықпал етеді. Ал ертегіні снхналаған кезде балалар өздерінің қалған кейіпкерлерінің сөзін жатқа айта отырып,, мінез – құлқын, іс – әрекетін көрсетуге тырысады. Ертегі арқылы балаларды адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеуге болады.

Қоғамдағы өзгерістерге сәйкес балалардың бүгінгі таңда тиянақты білім беру үшін олардың комуникативтік, танымдық тілдік қабілетін дамыту басты мақсат болып саналады.

1. Балалардың бақылағыштық, ойлау қабілеттері мен тілін дүниетанымын дамыту, әр нәрсені салыстыра талдап, жинақтап, жалпылап, нақтылап

салыстыру негізінде балаларды өз беттерімен қорытынды шығара білуге үйрету.

2. Балаларды қазақ тілі нормасына сай , өз сезімін, ойын дұрыс айтып бере алатындай дағдылар қалыптастыру.
3. Балаларды ана тілін сүйеге, оның алтын қорын, тамаша сырлы, көркем де нәзік сөз байлығын қолдана білуге, оны сезініп құрметтей білуге баулу.
4. Балаларды ауызша және жазбаша тілін дамытуға септігін тигізетін жұмыстардың оңай да тиімді түрлерін қолдану.

Балалармен қандай тақырыпта әңгіме құрастырсақ та , алдымен белгілі мақсат қоямыз. Сол мақсатқа жетуде балаларға адамгершілік, патриоттылық, еңбексүйгіштік, экологиялық тәрбие т.б көзделеді.

Тәрбиеші сурет бойынша әңгіме құрастыруда қоршаған орта, өсімдіктер мен жануарлар, мультфильмдер туралы сурет топтамаларын пайдалану қажет. Баланың сөйлеу тілін жетілдіруде дидактикалық ойындар мен дидактикалық материалдардың маңызы зор. Ті л дамыту сабағының негізгі бағытары кез-келген сәтте бір-бірімен тығыз байланыста жүзеге асырылады. Олай болса, баланың тілін дамытуда алдымен ауызекі сөйлеуін дұрыс жолға қою керек.

Баланың жүйелі ойлауына, сөздік қорын дамытуына, өзін қоршаған ортадан нақты мағлұмат алуына, байланыстырып сөйлеуіне көмектесетін «Триз» атты ойын ұсынуға болады.

Триз

4-5 жастағы балалардың ақыл-ойын дамыту үшін пайдаланылады. Тризді сабақта және сабақтан тыс уақытта да пайдалануға болады.

Тәрбиеші триз жүргізу арқылы баланың ойлау деңгейінің қаншалықты дәрежеде екендігін тексере алады. Триз жүргізу үшін кез-келген затты алуға болады.

Мысалы: Қарапайым орындықты алайық.

Балаларға тәрбиеші нақты жауап алмайынша, сұрақтарды түрлендіріп қойып отырады.

Орындықты көрсетіп сұрақ қою:

- Мынау не, ол не үшін керек?

Ж: Орындық отыру үшін керек.

- Орындықты тағы не үшін пайдалануға болады?

Ж: Ойнауға, орындыққа шығып биіктегі затты алуға болады.

- Орындық неден тұрады?

Ж: Отырғыштан, арқасынан және аяқтарынан.

- Тағы да ненің (кімнің) арқасы және аяқтары болады?

Ж: Адамдарда, аң, жануарларда.

- Орындықтың қандай түрлері болады.

Ж: Қызыл, жасыл, сары, темір, ағаш, үлкен, кіші.т.б

- Орындық пен үстелдің ұқсастығы бар ма? Несімен ұқсайды?

Ж: Тақтайша, ағаш.

- Енді ойланыңдар, үстелдің қасына орындық қойдық. Оны бір сөзбен не деп айтуға болады?

Ж: Жиһаз, парта.

- Егер орындықтың арқасын алып тастаса не пайда болады?

Ж: Скамейка, табурет.

- Орындықтың аяқтарын алып тастаса не пайда болады?

Ж: Сырғанақ тебетін тақтай, жерге қойып сурет салатын тақтай т.б.

Тапсырма: Өзіңе ұнаған орындықтың суретін сал.

Мектеп жасына дейінгі балардың тілін дамыту жұмыстарына қойылатын талаптар:

1. Қоршаған ортада көргендерін өздігінен әңгімелеп, өмірмен байланыстыру.
2. Оқылған әңгіме, ертегі, тақпақтарды түсінігі бойынша өз сөзімен және әдеби тілде айта білу.
3. Жаңадан меңгерген сөздерді белсенді сөздік қорына енгізу.
4. Заттардың аттарын қасиеттеріне, белгісіне қарап ажырату.
5. Монологті және диалогті сөйлеудің екі түрін пайдаланып, оқыған шығарманы баяндау.
Тілдің грамматикалық формасын қалыптастыру, қажетті жағдайға сәйкес диалог құра білу жетілдіріледі. Мысалы:
 - Сенің әкеңнің аты кім?
 - Менің әкемнің аты – Мұрат.
 - Сенің әкең қайда жұмыс істейді?
 - Менің әкем мектепте жұмыс жасайды. Менің әкем – ұстаз.т.с.с
6. Жалпы және жеке ұғым туралы түсініктерін жетілдіру.
Жалпы ұғым туралы түсініктермен сөздік қорлары толықтырылады.
(«Кесе, тәрелке, қасық, шанышқы – ыдыстар. Ал көйлек, қамзол, беишент, тақия – киімдер» деп аталатыны меңгертіледі.
7. Оқылған шығарма, ертегі, көрген мультфильмдегі басты кейіпкерлерді ажыратып, олар туралы өздігінен қорытынды жасау.
8. Тіл дамытуда мимика, ыммен сөйлесу, ымдап сөйлегенді түсіну.
Сөйлеудің екі құралының бірі – ымды (мимиканы) түсіндіру тілдің дыбысталу мәдениетін тәрбиелеуге жатады. *Мимика дегеніміз – жан сырының дене арқылы сыртқа білінуі (бас изеу, күлу, жылау, қолмен, ауызбен белгі беру, т.б.)* Мұны кейбір дыбыстарды таныстыру барысында пайдалануға болады.
9. Дыбыс аппараты мен артикуляцияны дамыту жаттығуларын орындау.
10. Антоним, синоним сөздерді бір-бірінен ажыратып, қажетіне қарай күнделікті тұрмыста пайдалану.
Балалардың сөздік қорын антоним, синоним сөздермен байыту. (Мысалы: ұзын – қысқа, биік – аласа, жуан – жіңішке, жоғары – төмен.)
Синоним сөздер - Көрік, ажар, келбет;
Тез, жылдам, шапшаң.т.с.с.
11. Ұлттық салт-дәстүрге, киім, өнерге байланысты сөздерді, атауларды (камзол, тақия, текемет, сырмақ) меңгерту.
12. Тілдегі дыбыстарды анық, таза, дұрыс айтып, бір-бірінен ажырата білу.
13. Тіл дамытуға арналған дидактикалық ойындарды және дамытушы ойындарды мақсатына, шартына байланысты орындай білу.
14. Тіл дамыту дәптеріндегі тақырыптық жүйемен берілген тапсырмаларды орындай білу.

15. Сурет топтамалары бойынша өз шығармашылығымен әңгіме құрастыра білу.

Сондықтан әр педагог оқу іс-әрекетін шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол баланың күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне жағдай жасайды.

Осы сатыларды меңгерген балалардың тілі жаттығады, сөйлеуге жаттықтырады, өз ойын еркін жеткізе алуға именбейтін болады, тілін дамытады.

Осыдан келіп тіл дамыту жұмысының кең аялы екенін көреміз.